



**«ТӘЖІРИБЕДЕГІ РЕФЛЕКСИЯ»  
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ  
ПЕДАГОГИКА КАДРЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ  
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

---

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ  
Педагогикалық шеберлік орталығының  
Әдістемелік кеңесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ  
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық берушінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
БАҒДАРЛАМАҒА ШОЛУ .....	4
БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.....	5
БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ .....	5
ҚОСЫМШАЛАР .....	6

---

## **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мұғалімдердің оқыту тәжірибесін жетілдіру қажеттілігінің маңызы арта түсуде. Осыған орай мұғалімдердің тәжірибесін арттыру және қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша біліктілігін арттырған мұғалімдердің (бұдан әрі – мектеп тренерлері) әлеуетін пайдалану қарастырылған.

Осы мақсатта «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) әзірледі.

## **Бағдарламаға шолу**

Бағдарламаның мақсаты:

Педагогика кадрларына оқушылардың шығармашылық, зерттеу, сын тұрғысынан ойлау, логикалық ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектесетін педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерту.

Бағдарламаның міндеттері:

1) мұғалімдердің бойында төмендегідей дағдылардың қалыптасуын қамтамасыз ету:

- оқыту үдерісін жоспарлау;
- оқушыларды оқу үдерісіне тарту;
- АКТ құралдарын тиімді қолдану;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау;
- өзінің оқыту үдерісі туралы рефлексия;

2) мұғалімдерді үздіксіз кәсіби дамуға дайындау.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

1) мұғалімдердің бойында төмендегідей дағдылар қалыптасқан:

- оқыту үдерісін жоспарлау;
- оқушыларды оқу үдерісіне тарту;
- АКТ құралдарын тиімді қолдану;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- оқушыларды тиімді түрде жүйелі бағалау;
- өзінің оқыту үдерісі туралы рефлексия.

2) мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуға дайындығы.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік кешені:

1) «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы;

2) Мұғалімге арналған нұсқаулық;

3) Мектеп тренеріне арналған нұсқаулық;

4) Үлестірме материалдар.

### **Бағдарламаның құрылымы**

Бағдарлама құрылымы осы Бағдарламаның «Оқу моделі» атты 1-қосымшасына сәйкес төмендегілерді қамтиды: Бағдарлама материалдарымен танысу, әріптестерімен талқылау, жұмыс барысында үйренгендерін тәжірибе жүзінде іске асыру және рефлексия.

Бағдарлама материалдарымен танысу барысында мұғалімдер кәсіби даму бағдарламасына негіз болған әдіс-тәсілдерді қарастырып, әріптестерімен ынтымақтаса отырып, оларды талқылайды.

Тәжірибе жүзінде іске асыру және жоспарлау сатысында мұғалімдерге өз сабақ жоспарларына Бағдарлама барысында танысқан тақырыптарды кіріктіріп, оларды тәжірибе жүзінде іске асырып көруге және әріптестері мен мектеп тренерлерінен сындарлы кері байланыс алуға мүмкіндік беріледі.

Мұғалімдердің кәсіби даму бағдарламасының негіздерін түсіну деңгейін жетілдіруге бағытталған өз тәжірибесі туралы өзіндік және өзара рефлексия жасау үдерісі курстың ажырамас бөлігі болып табылады.

Мұғалімдер мектепте кәсіби даму бағдарламасын іске асыру тәжірибесі туралы рефлексиялық есеп жазып, бағалау үшін мектеп тренерлеріне өткізеді.

### **Бағдарламаның мазмұны**

Кәсіби даму бағдарламасы сындарлы оқыту теориясына негізделген. Дайын білім беруге негізделген «дәстүрлі» әдіс арқылы алынған білім оқушылардың жинақтаған өзге білімімен тиімді сіңісе алмайды, сол себепті механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайлары орын алады. Мұндай жолмен оқытудан алған, механикалық түрде есте сақталған мәліметтерді емтихан кезінде ұтымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы терең меңгерілмей, жай ғана жаттап алынған білім тақырыпты оқыту аяқталған соң немесе емтихан біткен соң керексіз болып қалады және оқушы оны өмірде пайдалана алмайды. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Бағдарлама аясында мұғалімдер төмендегідей негізгі мәселелерді қарастырады:

- диалогтік оқыту;
- метатану;
- оқушы уәжі;
- сын тұрғысынан ойлауға үйрету;
- оқу үшін бағалау;
- оқыту мен оқуда АКТ қолдану.

Оқу жоспары осы Бағдарламаның 2-қосымшасында ұсынылған.

---

«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасына *1-қосымша*

### Оқу моделі



«Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика  
кадрларының кәсіби даму бағдарламасына 2-қосымша

**Оқу жоспары**

Күн №	Күн тақырыбы	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
<b>1-апта</b>			
1	Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігін негіздеу.	<b>1-сабақ:</b> Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. <b>2-сабақ:</b> Сыныптағы оқу үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.	4
2	Мектеп пен сыныптағы мәдениет.	<b>1-сабақ:</b> Сыныпты қадағалау әдістемесі. <b>2-сабақ:</b> Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.	4
3	Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы және оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы пікірі.	<b>1-2-сабақтар:</b> Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу. <b>2-сабақ:</b> Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.	4
4	Құндылықтар, көзқарастар, ықпал ету тәсілдері.	<b>1-сабақ:</b> Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарын нақтылау. <b>2-сабақ:</b> Оқыту және оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы психологиялық ахуал.	4
5	Оқушыларды ынталандыру.	<b>1-сабақ:</b> Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудың аффекттік теориясы. <b>2-сабақ:</b> Оқушыларды ынталандыру. Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).	4
6	Әлеуметтік өзара іс-қимыл.	<b>1-сабақ:</b> Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. <b>2-сабақ:</b> Сабақтың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.	4
7	Оқудағы кедергілер.	<b>1-сабақ:</b> Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жеңу мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді таңдау және нақтылау. <b>2-сабақ:</b> Оқушылардың қабілеттері және оқуға жағымды көзқарастары.	4

8	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>қалай оқу керектігін үйрету.</b>	<b>1-2-сабақтар:</b> <i>Қалай оқу керектігін үйренудің</i> мәні. Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.	4
9	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>қалай оқу керектігін үйрету.</b>	<b>1-2-сабақтар:</b> Бүкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.	4
10	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>әңгімелесу және диалогтік оқыту.</b>	<b>1-сабақ:</b> Диалогтік оқытудың мәні. <b>2-сабақ:</b> Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабақта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.	4
11	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>сын тұрғысынан ойлау.</b>	<b>1-сабақ:</b> <i>Сын тұрғысынан ойлаудың</i> мәні. <b>2-сабақ:</b> Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.	4
12	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>сын тұрғысынан ойлау.</b>	<b>1-сабақ:</b> Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану. <b>2-сабақ:</b> Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға арналған әдістерді жоспарлау	
13	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.</b>	<b>1-2-сабақтар:</b> Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалаудың (ОҮБ) мәні.	4
14	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.</b>	<b>1-2-сабақтар:</b> Оқытуды жоспарлауда ОҮБ әдістемесін пайдалану.	4
15	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.</b>	<b>1-2-сабақтар:</b> Сабақта ОҮБ әдістемесін пайдалану.	4
16	Тәжірибені түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: <b>оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалану.</b>	<b>1-сабақ:</b> Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану мақсаттары. <b>2-сабақ:</b> Оқу сапасын арттыру мақсатында сыныпта АКТ пайдалану әдістемесі.	4



17	Сабақты жоспарлау.	<b>1-сабақ:</b> Сабақтың сараланған оқу нәтижелерін әзірлеу. <b>2-сабақ:</b> Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттығуларды жоспарлау және Бағдарлама тақырыптарын ықпалдастыру.	4
18	Сабақты жоспарлау.	<b>1-сабақ:</b> Бағалау критерийлерін белгілеу. <b>2-сабақ:</b> Оқу мақсаты, жаттығу мен бағалау критерийлері арасындағы байланысты бағамдау.	4
19	Сыныптағы оқуды басқару.	<b>1-2-сабақтар:</b> Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
20	Сыныптағы оқуды басқару.	<b>1-2-сабақтар:</b> Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
21	Оқыту тәжірибесіне Бағдарлама тақырыптарын енгізу.	<b>1-2-сабақтар:</b> Тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.	4
22	Сабақты зерттеу әдісі.	<b>1-сабақ:</b> Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Сабақты зерттеу әдісін қолдану. <b>2-сабақ:</b> Сабақты зерттеудің тақырыбын белгілеу.	4
23	Сабақты зерттеу әдісі.	<b>1-2-сабақтар:</b> Оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында Сабақты зерттеу әдісін қолдану. Мектептегі Сабақты зерттеудің табыс критерийлері.	4
24	Бағалау.	<b>1-2-сабақтар:</b> Мұғалімдердің оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін бағалау.	4
25	Бағалау.	<b>1-2-сабақтар:</b> Мұғалімдердің оқыту және оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін бағалау.	4
<b>Ескерту:</b> 1 академиялық сағат – 45 мин.			100 ака- деми- ялық сағат
<b>Бағдарлама бойынша барлығы:</b>			





**ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА  
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ  
В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ  
«РЕФЛЕКСИЯ В ПРАКТИКЕ»**

---

Рекомендовано к печати Методическим советом  
Центра педагогического мастерства  
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»

© Центр педагогического мастерства АОО  
«Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016

Все права сохраняются. Запрещается полное или частичное воспроизведение или передача настоящего издания в любом виде и любыми средствами, включая фотокопирование и любую электронную форму, без письменного разрешения держателя авторского права.

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ .....	14
ОБЗОР ПРОГРАММЫ .....	14
СТРУКТУРА ПРОГРАММЫ .....	15
СОДЕРЖАНИЕ ПРОГРАММЫ .....	15
ПРИЛОЖЕНИЯ .....	16

---

## Введение

В рамках обновления содержания среднего образования в Республике Казахстан потребность в совершенствовании практики преподавания учителей приобретает большую актуальность. В связи с этим предусмотрено использование потенциала учителей, прошедших повышение квалификации по уровневым программам повышения квалификации педагогических кадров Республики Казахстан (далее – школьные тренеры), в целях оказания поддержки и совершенствования практики преподавания учителей.

Таким образом, частным учреждением «Центр педагогического мастерства» разработана Образовательная программа профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике» (далее – Программа).

## Обзор Программы

Цель Программы:

Освоение педагогическими кадрами методов и подходов, способствующих развитию у учащихся творческих, исследовательских навыков, навыков критического и логического мышления.

Задачи Программы:

- 1) совершенствовать у учителей навыки:
  - планирования процесса преподавания;
  - вовлечения учащихся в процесс обучения;
  - использования ИКТ в процессе преподавания;
  - развития у учащихся навыков критического мышления;
  - эффективного системного оценивания учащихся;
  - рефлексии собственного процесса преподавания;
- 2) подготовить учителей к постоянному профессиональному развитию.

Ожидаемые результаты обучения:

- 1) усовершенствованные навыки у учителей:
  - планирования процесса преподавания;
  - вовлечения учащихся в процесс обучения;
  - использования ИКТ в процессе преподавания;
  - развития у учащихся навыков критического мышления;
  - эффективного системного оценивания учащихся;
  - рефлексии собственного процесса преподавания;
- 2) готовность учителей к постоянному профессиональному развитию.

Учебно-методический комплекс Программы включает:

- 1) Образовательную программу профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике»;
- 2) Руководство для учителя;
- 3) Руководство школьного тренера;
- 4) Раздаточные материалы.

---

## Структура Программы

Структура Программы в соответствии с приложением 1 «Модель обучения», включает: ознакомление с Программой, обсуждение с коллегами, практическую реализацию и рефлексию.

В ходе обучения учителя изучают и обсуждают с коллегами педагогические методы, подходы и формы работы, совершенствующие практику преподавания.

Практическая реализация характеризуется возможностью планирования и проведения уроков с использованием изученных методов, подходов и получением конструктивной обратной связи.

В целях установления и возможности повышения уровня понимания содержания Программы предусмотрено осуществление школьными тренерами само- и взаиморефлексии.

По итогам реализации программы профессионального развития в школе, учителя составляют рефлексивный отчет и предоставляют школьным тренерам для оценивания.

## Содержание Программы

Программа профессионального развития основана на теории конструктивизма. Современная практика и результаты исследований показывают, что «традиционная» методика преподавания, основанная на трансляции готовых знаний, не может обеспечить эффективное интегрирование новых знаний в имеющиеся и, следовательно, в данной ситуации имеет место только механическое запоминание, поверхностное обучение. Получаемая подобным образом информация может быть успешно продемонстрирована на экзаменах, но она не усваивается прочно учениками, малополезна после завершения ее изучения и различного рода экзаменов и не используется в жизненных ситуациях. Цель конструктивистского преподавания состоит в том, чтобы развить глубокое понимание предмета учеником, обеспечив использование и применение знаний вне класса на основе своего предыдущего опыта.

В рамках программы учителя рассмотрят следующие основные вопросы:

- диалогическое преподавание;
- метапознание;
- мотивация ученика;
- обучение критическому мышлению;
- оценивание для обучения;
- использование ИКТ в преподавании и учении.

Учебный план представлен в Приложении 2 к данной Программе.

---

*Приложение 1* к Образовательной программе профессионального развития педагогических кадров в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике».

### **Модель обучения**





*Приложение 2* к Образовательной программе  
 профессионального развития педагогических кадров  
 в общеобразовательных школах «Рефлексия в практике».

### Учебный план

Этап «Лицом к лицу» (4 недели)			
№	Общая тема дня	Тема занятия	Кол-во часов
1	Введение: обоснование необходимости внесения изменений в методику преподавания и учения.	<b>Занятие 1:</b> Совместная и групповая работа. Методика проведения работы в группах. <b>Занятие 2:</b> Управление процессом обучения в классе и происходящими в нем изменениями. Обоснование необходимости внесения изменений в методику преподавания и учения. Точки зрения учителей и учащихся.	4
2	Культура школы и класса.	<b>Занятие 1:</b> Методика проведения наблюдения в классе. <b>Занятие 2:</b> Что необходимо знать учителям? Культура класса и среда обучения.	4
3	Представления учителей об идеальном учителе и индивидуальных различиях учеников.	<b>Занятие 1:</b> Исследование убеждений, сложившихся у учителей об идеальном учителе. <b>Занятие 2:</b> Что, по мнению учеников, характеризует компетентного учителя? Исследование убеждений, сложившихся у учителей, об индивидуальных различиях учеников.	4
4	Ценности, представления, способы воздействия.	<b>Занятие 1:</b> Конкретизация личностных ценностей и взглядов для определения направлений и приоритетов дальнейшего развития. <b>Занятие 2:</b> Обоснование и осознание необходимости проведения исследований в целях совершенствования методики и подходов в преподавании и учении. Эмоционально-психологический климат в классе.	4
5	Мотивирование учащихся.	<b>Занятие 1:</b> Выявление барьеров в процессе обучения. Теория обучения, основанного на аффектах. <b>Занятие 2:</b> Мотивация учащихся. Определение мнения учеников о процессе обучения (консультирование с учениками).	4
6	Социальное взаимодействие.	<b>Занятие 1:</b> Социальное взаимодействие в обучении, расширение диапазона социального взаимодействия. <b>Занятие 2:</b> Обеспечение интерактивного и инклюзивного характера урока.	4
7	Барьеры в обучении.	<b>Занятие 1:</b> Выявление барьеров в обучении. Выбор и конкретизация педагогических подходов в целях преодоления барьеров в обучении. <b>Занятие 2:</b> Способности учеников и позитивное отношение к обучению.	4

8	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты:	<b>Занятия 1–2:</b> Сущностная характеристика <i>обучения тому, как учиться</i> . Действия учителя по развитию способностей учеников <i>к обучению тому, как учиться</i> .	4
9	<i>обучение тому, как учиться</i> .	<b>Занятия 1–2:</b> Концентрация внимания и педагогических усилий на личности каждого ученика; оказание помощи ученикам в <i>обучении тому, как учиться</i> . Концентрация внимания и усилий на методах и подходах в вопросе <i>обучения тому, как учиться</i> .	4
10	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <i>беседа и диалогическое обучение</i> .	<b>Занятие 1:</b> Сущностная характеристика <i>диалогического обучения</i> . <b>Занятие 2:</b> Методика использования беседы на уроках в целях повышения качества обучения.	4
11	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <i>критическое мышление</i> .	<b>Занятие 1:</b> Сущностная характеристика <i>критического мышления</i> . <b>Занятие 2:</b> Использование критического мышления в преподавании.	4
12	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <i>критическое мышление</i> .	<b>Занятие 1:</b> Использование критического мышления в преподавании. <b>Занятие 2:</b> Планирование методов развития критического мышления на уроках.	4
13	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <i>оценивание для обучения и оценивание обучения</i> .	<b>Занятия 1–2:</b> Цель процесса оценивания. Сущность <i>оценивания для обучения (ОдО)</i> .	4
14	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <i>оценивание для обучения и оценивание обучения</i> .	<b>Занятия 1–2:</b> Методика использования ОдО в процессе планирования обучения.	4

15	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <b>оценивание для обучения и оценивание обучения.</b>	<b>Занятия 1–2:</b> Методика использования ОдО на уроке.	4
16	Преобразование практики. Педагогически действенные инструменты: <b>использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в преподавании и учении</b>	<b>Занятие 1:</b> Цели <b>использования ИКТ в преподавании и обучении.</b> <b>Занятие 2:</b> Методика использования ИКТ в классе, в целях повышения качества обучения.	4
17	Планирование уроков	<b>Занятие 1:</b> Подготовка дифференцированных результатов урока. <b>Занятие 2:</b> Планирование заданий для достижения результатов учения и интеграции идей программы третьего уровня.	4
18	Планирование уроков	<b>Занятие 1:</b> Определение критериев успеха. <b>Занятие 2:</b> Оценка связи основных целей обучения, учебных заданий и критериев успеха.	
19	Управление учебным процессом	<b>Занятия 1–2:</b> Планирование уроков с целью изменения процесса обучения.	4
20	Управление учебным процессом	<b>Занятия 1–2:</b> Планирование уроков с целью изменения процесса обучения.	
21	Внедрение идей Программы в практику преподавания.	<b>Занятия 1–2:</b> Перспективное среднесрочное планирование серии последовательных уроков.	4
22	Исследование урока	<b>Занятие 1:</b> Исследование урока с целью повышения качества процесса преподавания и учения. <b>Занятие 2:</b> Определение фокуса исследования урока.	4
23	Исследование урока	<b>Занятия 1–2:</b> Исследование урока с целью повышения качества процесса преподавания и учения. Критерии успешности Lesson study в школе.	
24	Оценивание преподавания и учения.	<b>Занятия 1–2:</b> <b>Оценивание</b> процесса внесения изменений в практику преподавания и учения учителей.	4
25	Оценивание преподавания и учения.	<b>Занятия 1–2:</b> <b>Оценивание</b> процесса внесения изменений в практику преподавания и учения учителей.	4
<b>Примечание:</b> 1 академический час – 45 мин.			<b>100 часов</b>

Теруге 01.06.2016. берілді. Басуға 02.06.2016. қол қойылды.  
Пішімі 60x84/8. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.  
Шартты б. т. 2,32. Таралымы 8917 дана. Тапсырыс №562  
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында  
басылды. 010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.  
e-mail: info@cpm.kz.

Сдано в набор 01.06.2016. Подписано в печать 02.06.2016.  
Формат 60x84/8. Бумага офисная 80 гр/м2. Печать  
цифровая. Усл. печ. л. 2,32. Тираж 8917 экз. Заказ №562  
Отпечатано в типографии ЧУ «Центр педагогического  
мастерства» 010000. г. Астана, ул. №31, дом 37а.  
e-mail: info@cpm.kz